ДЛЯ КАЗАХСТАНА КАК ВНУТРИКОНТИНЕНТАЛЬНОЙ СТРАНЫ ВАЖНО НАЛАДИТЬ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫЕ МАРШРУТЫ ДОСТАВКИ ГРУЗОВ С СОСЕДНИМИ СТРАНАМИ. ОДНИМ ИЗ НИХ ЯВЛЯЕТСЯ ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ МАРШРУТ (ТМТМ), СОЕДИНЯЮЩИЙ СТРАНЫ ЮГО-ВОСТОЧНОЙ АЗИИ С ТУРЦИЕЙ, ЗАКАВКАЗЬЕМ И ЮЖНОЙ ЕВРОПЫ. СЕГОДНЯ УЧАСТНИКАМИ ТМТМ ЯВЛЯЮТСЯ БОЛЕЕ 20 КОМПАНИЙ. НАЛАЖЕНА РЕГУЛЯРНАЯ ФИДЕРНАЯ ЛИНИЯ МЕЖДУ БАКУ И АКТАУ.

Абай ТУРИКПЕНБАЕВ,
председатель правления АО «НК «Актауский морской торговый порт»

№45 (2653)
18/06/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖОЛАУШЫ ЖАЗЫ ЖАЙЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

Үстіміздегі жылдың 16 маусымы күні «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің жетекшілігімен 2021 жылдың жазғы кезеңінде жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған онлайн дөңгелек үстел өтті.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Жиынға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес компаниясы «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері, «Атамекен» ҰКП, жеке тасымалдаушылар және турагенттіктер өкілдері қатысты. Кеңес аясында жазғы жолаушылар тасымалына дайындық, электронды билеттерді сату жүйесінің ерекшеліктері, атап айтқанда, Алакөл курорттық аймағы бағытындағы билеттерді сату жағдайы және басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

«Қазіргі уақытта биылғы жаз маусымында жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге негізделген 1500 астам стандартты вагон дайын тұр. Стандартты дейтініміз, олар кеңестік кезеңде жасалған және олардың саны азайып келе жатыр. Жолаушылар паркін көбінесе заманауи вагондар құрайды. 670 тальго вагоны дайын тұр. Бұдан бөлек 174 вагон резервте бар. Олар тапсырыс көбейген жағдайда, тіркеуге мүмкіндік бар пойыздарға белгіленген ұзындық шамасына және пойыздар кестесіне қарай тіркелетін болады. Өткен жылы және биылғы бірінші жартыжылдықта вагондар саны шектеулі болды. Қазір пойыздар қатынасы жандана бастады. Пойыздардың халықпен толығуы 60-62% шамасын құрап отыр. Соңғы екі жылда Тверь вагон жөндеу зауытының технологиясы бойынша құрастырылған 209 вагон алдық. Алдағы уақытта 300-ден астам купе вагонын сатып алу жоспарда бар. Тамыз айына дейін бірінші партиясын аламыз деген үміттеміз. Және 62 вагон құрастырылып шықпақ. 100-ге жуық вагонды осы жылы аламыз деп жоспарлап отырмыз. Бүгінде негізгі бағдарлардың бәрі іске қосылған. Бір ғана проблема, Шығыс Қазақстан облысы бойынша жолаушыларды пойыздарға отырғызу/ түсіруге әлі де тыйым бар. Біз ол өңірдің бас санитарлық дәрігерінің тыйымына қарсы келе алмаймыз. Әрине, ол жақтың жолаушыларынан пойыздарды жиілетуге сұраныс бар. Қалай шектеу алынып тасталынады, солай пойыз қатынасын қалпына келтіруге дайынбыз», – деп атап өтті Қанат Есмұханұлы.

Оның айтуынша, үстіміздегі жылдың жазғы кезеңінде ҚР желісі бойынша 164 жұп жолаушылар пойызы қатынайды. Алайда, бүгінгі таңда эпидемиологиялық жағдайға байланысты барлығы 120 жұп пойыз қатынауда, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 пойызы қызмет көрсетсе, қалған 20-сы жеке тасымалдаушылар еншісінде екен. Жылжымалы құрамды жазғы кезеңге дайындау барысында техникалық талаптардың сақталуы айрықша назарға алынған.

Бүгінде Алакөл курорттық аймағы бағытындағы пойыздарға билеттердің жоғары сұранысын қанағаттандыру үшін тіркеме вагондар саны артып, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан қосымша пойыздар іске қосылып отыр.

(Соңы 2 бетте)

БЕС АЙДА – 105 МИЛЛИОН ТОННА

Биылғы жылдың мамыр айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі жалпы жүк тиелімі 21,8 миллион тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6 пайызға артық.

Атап айтқанда, 8,1 млн тонна көмір жөнелтілді. Бұл көрсеткіш өткен жылғы мамыр деңгейімен салыстырғанда 5 пайызға өсті. 744 мың тонна астық тасымалданды, өткен жылмен салыстырғанда өсім 17% құрады.

Мамыр айында мұнай өнімдерін тасымалдау 3 пайызға (1,3 миллион тоннаға дейін), темір рудалары – 25 пайызға (2,5 миллион тоннаға) ұлғайды. 2 миллион тонна түсті кен, 458 мың тонна қара металл, 326 мың тонна химиялық және минералды тыңайтқыштар, 1,6 миллион тонна құрылыс материалдары тиелді.

Ал жалпы 2021 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 104,7 млн тонна жүк тиелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өңдеу 3,6% өсті. Соның ішінде республика бойынша 67,3 млн тонна жүк тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,1% артық. Экспорт 6,4% өсіп, 37,4 млн тоннаға жетті.

Қаңтар-мамыр кезеңінде 43,7 млн тонна көмір тасымалданды, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 3,3% құрады. Стратегиялық жүктің басым бөлігі – шамамен 32 млн тоннаға жуығы, бұл өткен жылғы деңгейден 11% жоғары, қазақстандық тұтынушыларға жеткізілді. 3,9 млн тонна астық тиеліп жөнелтілді, өткен жылмен салыстырғанда өсім 10,2% құрады.

Ислам ТАЛҒАТ

Асхат САРИЕВ,
өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры

ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ ӨЗІНІҢ ӘРТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДЕНДЕП ЕНГІЗІП ЖАТЫР. СОНЫҢ БІРІ "ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК" БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН "ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК" МОДУЛІ. ОНЫҢ ҮЛКЕН ФУНКЦИОНАЛЫ БАР ЖӘНЕ ОЛ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

В МАЕ 2021 ГОДА ОБЪЕМ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК НА ТРАНЗИТНЫХ СЕРВИСАХ АО «ОТЛК ЕРА» СОСТАВИЛ

61,4 ТЫС. ДФЭ.

ЭТО АБСОЛЮТНЫЙ РЕКОРД ПО ИТОГАМ МЕСЯЦА С НАЧАЛА ОПЕРАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ

В 2021 ГОДУ В АКМОЛИНСКОМ ОТДЕЛЕНИИ ГП ЗАПЛАНИРОВАНО ПРОВЕДЕНИЕ КАПИТАЛЬНОГО РЕМОНТА ПУТИ НА НОВЫХ МАТЕРИАЛАХ ПРОТЯЖЕННОСТЬЮ

103,30 КМ

ПО ИТОГАМ 5 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПОГРУЖЕНО ГРУЗА

104,7 МЛН ТОНН

Кадровая политика

ВСЕ СИЛЫ – В РАЗВИТИЕ

На прошлой неделе стартовал второй модуль обучения по программе развития «100 молодых лиц ҚТЖ».

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Курс обучения «Дыхание тренера» предусматривает четыре насыщенных модуля: «Базовый модуль», «Структура тренинга», «Особенности онлайн-обучения» и «Публичные выступления». На завершающем этапе, запланированном на ноябрь текущего года, участникам предстоит защита проектов и сертификация.

Выступая на онлайн-церемонии открытия, заместитель председателя правления по корпоративным вопросам и HR АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимжаев поздравил участников и пожелал им плодотворной работы.

Затем команда школы развития Ильдара Валиуллова ознакомила их с краткой программой тренинга.

Талантливых молодых работников АО «НК «ҚТЖ» ждут онлайн-эфиры, работа в команде и развитие сопутствующих навыков.

В мае-июне участники прошли первый модуль обучения, в течение месяца будет длиться второй. С самого начала всех разделили на 9 групп по 10 человек, у каждой группы есть свой куратор, который оказывает ребятам необходимую поддержку. Уже вышло 5 обучающих уроков, после каждого железнодорожникам необходимо сдавать домашнее задание.

– Приятно получать полезные бонусы за свою активность. Курс очень полезен тем, кто постоянно стремится к развитию. Для себя лично я выяснил, в каком формате хотел бы преподавать. Узнали, что такое андрагогический формат обучения, дискуссии в группах, творческий подход к тренингу и многое другое, – поделился менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Ержан Жаналиев.

Согласился с ним и заместитель начальника по связи Курорт-Боровской дистанции сигнализации и связи филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» Кайрат Багаутдинов.

– Все творческие идеи и полученные во время обучения инструменты я уже активно использую во время проведения техзанятий с нашим штатом в 70 человек. Если раньше мы проводили их в форме лекции, сейчас благодаря новому подходу визуализируем те моменты, которые обычно просто проговаривали, и, по мнению наших сотрудников, занятия стали интереснее и продуктивнее, – поделился он.

Нет сомнений, что второй модуль обучения откроет новые имена и таланты среди пула «100 молодых лиц ҚТЖ».

Совещание

НА ЗАЩИТЕ ЗАКОННЫХ ИНТЕРЕСОВ

Актуальные вопросы профилактики краж из подвижных составов и станций обсудило в ходе совещания руководство ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» с представителями Главной транспортной прокуратуры страны.

Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан

Профилактика хищений грузов и имущества с железнодорожных станций – важный и актуальный вопрос. Каждая кража наносит ущерб компании, а нераскрытое преступление порождает у преступных элементов чувство безнаказанности.

Открывая совещание, заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов дал анализ общей обстановки и рассказал о предпринимаемых компанией мерах.

– Для обеспечения правопорядка и борьбы с преступностью на транспорте 7 июня был объявлен месячник «Сохранность грузов в контейнерных поездах». Сегодня мы работаем со всеми участниками перевозочного процесса, – отметил он.

По мнению руководства ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», кардинально изменить сложившуюся ситуацию возможно

лишь принятием мер законодательного характера, существенно ужесточающих наказание за хищение на объектах железнодорожного транспорта. Кроме того, необходимо принять меры в соответствии с трудовым законодательством к лицам, продолжающим работать в структурах компании после привлечения к уголовной ответственности.

По мнению старшего помощника главного транспортного прокурора Бахытбека Коспакаева, совещание позволило обсудить имеющиеся проблемы в сфере судебно-следственной практики по делам о хищении и эффективности принимаемых мер по их профилактике.

– Прокуратуре важно своевременно услышать мнение представителей железной дороги о реализуемых органами власти мероприятиях и информацию о нарушении их прав, – отметил он.

Данному вопросу было посвящено и выступление главного менеджера департамента защиты имущественных прав ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Гульмиры Сапаргалиевой. В частности, она поинтересовалась, возможно ли оценить сумму материального ущерба без привлечения частного аудитора. Ведь часто именно по этой причине правоохранительные органы отказывают в возбуждении уголовного дела. Так, к примеру, в Караганде был составлен коммерческий акт с указанием суммы ущерба, но правоохранительные органы отказываются принять документ.

По словам Бахытбека Коспакаева, потерпевшая сторона может самостоятельно установить сумму нанесенного ущерба, используя для этого балансовую стоимость той или иной материальной ценности, а что касается случая в Караганде, то дело будет вновь пересмотрено.

Завершая совещание, Канат Кобесов отметил, что итоги обсуждения обязательно будут использованы в работе компании совместно с органами прокуратуры. ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» намерено и в дальнейшем применять такой формат для обсуждения актуальных проблем, которые беспокоят граждан и требуют прокурорского вмешательства.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КТ
rail-news.kz
№45 (2653) 18/06/2021

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

СЕМИНАР

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жылдағыдай өз қызметкерлеріне арнап оқу семинарын өткізді. Бұл жолы тақырып көшбасшылық дағдыларды дамытуға арналды.

Семинарға компанияның орталық аппаратының және аймақтардағы филиалдарының басшылары қатысып, оларға алдымен акционерлік қоғамның бас директоры Питер Штурм кәсіпорынның даму стратегиясын баяндап берді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының айтуынша, компания жұмысының негізгі қағидаттарына клиентке бағдарланған нақты тәсілдерді, клиент пен олардың қажеттіліктерін білу жатады. 2022 жылдан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ ұйымдастырушылық моделінің кемелденген 3-ші деңгейіне жетуге ұмтылады. Компанияның болашақтағы межесі – клиентке бағдарлану, көлік қызметі нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

– Бүгін біз компаниядағы түрлі деңгейдегі басшыларға арналған сессиямызды бастадық. «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамында бұл шараны біз жылына екі рет өткізіп тұрамыз. Мақсат – тұтастай компания шеңберінде коммуникация қалыптастыру. Бүгін стратегиямызды таныстырып, оның түрлі бағыттарын бағамдайтын боламыз. Бизнес модельдердің өзгерісі, хаб жүйесін құру, интермодальды тасымал, цифрландыру мәселелері де сөз болады, – деп бастады сөзін Питер Штурм.

Бүгінде жолаушылар пойыздары Қазақстан бойынша да, көрші елдер арасында да қатынайды. Болашақта «Үйден межелі жерге дейін» деген қызметті енгізу, клиенттер сұранысын қанағаттандыруға бағдарлану көзделіп отыр. Зерттеулерге сәйкес жолаушылардың 75 пайызы купе немесе плацкарт вагондарды, яғни анағұрлым арзан кластағы вагондармен саяхаттайды.

– Біз Қазақстанның көліктік әлеуетінің негізін құраймыз және еліміздің кез келген нүктесіне және кері бағытта, сонымен қатар халықаралық кейбір бағдарлар бойынша межелі орындарға жайлы, қауіпсіз, экологиялық жағынан таза қалыпта жетуін қамтамасыз етеміз. Ел өңірлерін біріктіріп, мобильділікке қол жеткізуге ықпал етеміз, – деді бас директор.

Оның айтуынша, парктерді басқарудың бірыңғай функциясы жасалатын болады. Ол үшін маркетинг бөлімі анықтаған талаптар негізінде пойыздар қозғалысы жолдарын жоспарлау, пойыздар қозғалысы кестесін бекіту, филиалдармен бірлесе отырып пойыздардың жалпы орналасуын реттеу көзделеді. Сонымен қатар вагондардың техникалық олқылықтарымен байланысты барлық деректерді жинау, кемшіліктер туралы статистика құру, кемшіліктер мен себептер талдауы, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда барлық қызмет түрлері бойынша тұрақты тексерулерді бастау, үдеріс тиімділігі аудитін бастау жоспарланған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

КЕЗДЕСУ

Қызылорда локомотив пайдалану депосындағы аспан асты және депо мұражайларында саламыздың түрлі қызметінде еңбек етіп жүрген белсенді жастар – тәуелсіздік құрдастарымен кездесу өтті.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылы дүниеге келіп, бүгінде болат жол саласында еңбек етіп жүрген жастардың басын қосқан шараны өткізуге бастама көтерген – «Nur Otan» партиясы Теміржол филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева. Тәуелсіздіктің мәртебесін көтеретін тың істерге атсалысып жүрген теміржолшы жастар партия өкілімен ашық-жарқын сұхбат құрды.

– Аймақ теміржолының әртүрлі саласында жұмыс жасап жүрген жастармен кездесу барысында 30 жыл ішінде еліміздің жеткен жетістіктерімен бөлістік. Жастар өз салаларын дамытуға бағытталған ойларын ашық айтып, кейбір келелі мәселелерді оңтайлы шешуге ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ, тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бұл жастармен алдағы уақытта атқарылатын «30 мейірімді іс» жұмыс жоспарлары жасалып, оны жүзеге асыратын боламыз, – деді Теміржол филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева.

Кездесу соңында теміржол саласының дамуына өз үлестерін қосып жүрген біршама жастарға партияның Теміржол филиалы төрағасының алғыс хаты мен креативті идеялармен көзге түскен белсенділерге естелік сыйлықтар табысталды.

Суретті түсірген автор

ЖОЛАУШЫ ЖАЗЫ ЖАЙЛЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

(Соңы. Басы 1 бетте.)

Биыл Алакөлге барлығы 10 пойыз қатынайды, үшеуі жеке тасымалдаушылар еншісінде. Барлығы Алакөл курорттық аймағы бағытында 300 мың орынға дейін ұлғайту мүмкіндігімен 232 мыңнан астам орын ұсынылып отыр. Демек, өткен жылмен салыстырғанда Алакөл бағытына ұсынылып отырған орындар саны 90% артқан.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының орынбасары Виктор Бошманн жалпы билеттерді сатып алу жағдайына және Алакөл курорттық аймағына қатысты билет сатылымы бойынша ақпарат берді.

«2021 жылдың 16 маусымынан алдағы 45 тәулікке, яғни алдағы 31 шілдеге дейін барлық бағыт бойынша барлық пойызға 123 354 орынға билет сатылымға шығарылды, соның 76 801-і сатылып үлгерген. Біз билет сатылымын бақылауда ұстап, әр күнге талдау жасап отырмыз. Сонда байқағанымыз, маусым айының басында күн сайын орташа есеппен алғанда 3700 билет сатылып отырды. Егер Алматы-Алакөл бағытына келсек, алдағы 45 тәулікке барлық пойызға сатылымға шығарылып отырған билет саны 55686 болса,

соның 44000 сатылып қойды. Ал Нұр-Сұлтан-Алакөл бағытына келсек, бүгінде сатылымға 33700 билет шығарылса, соның 20150 орны сатылды», – деді Виктор Бошманн.

Бұдан кейін ол алыпсатарларға тосқауыл болу үшін билет сатылымының қалай ұйымдастырылғанына тоқталды. Виктор Бошманн 2019 жылдан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ-да, жалпы Қазақстанда билеттерді сатудың жетілдірілген жүйесі іске қосылғанын, ол жол жүру құжатын ресімдеу және қайтару процесін толық қадағалайтынын атап өтті. Осы жүйе арқылы барлық билет 100% сатылады, еркін сатылымға шығарылады және бұл жүйеге барлық тасымалдаушылар мен билет сатудың барлық каналдары қосылған.

«Жол жүру құжаттарын жолаушылар пойыздарына 45 тәулік бұрын таңғы сағат 7.00-ден, ал қала маңы қатынасындағы теміржол көліктеріне 10 күн бұрын рәсімдеуге болады. Қазір билетті сатып алудың көптеген каналдары бар, атап айтсақ, bilet.railwayz.kz, Қазпочта бөлімшелері, 30 мыңнан астам өзіне өзі қызмет ету автоматтары, касса 24/7, туристік агенттіктерден, жекеменшік кассалар, тағысын тағы орындар мен интернет ресурстары. Ал жоғары сұраныс болған жағдайда, жолаушылар «Күту парағы» қызметін пайдалана алады. Бұл қызмет түрі тегін, ол арқылы жолаушы 7 тәулік бұрын пойыз жөнелтілгенге дейін кезекке тұра алады. Бұл сервисті жақын арада «ҚТЖ билеттері» мобильдік қосымшасынан көре аласыздар, атап өтерлігі, «Күту парағы» жолаушылар арасында кеңінен танымал, біз оны осы маусым айының 9 күнінде осы сервиске 6581 өтінім келіп түскенінен көрдік, және де өтінімнің 50% астамы қанағаттандырылды. Яғни, «Күту парағына» тіркелген адамдарға билеттер табылды», – деп соңғы ақпараттармен бөлісті Виктор Бошманн.

Дөңгелек үстел барысында жиынға қатысушы туристік агенттік өкілдері де сөз алып, ескірген вагондардың жай-күйі, қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. «Тұранэкспресс» компаниясының басшысы Роман Ботабеков «ҚТЖ» ұлттық компаниясына Жалаңашкөл, Көктұма, Ақши бекеттерінде платформалар мен перрондар жасаған үшін жолаушылардың алғыстарын жеткізді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАРМАДА ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша биыл күрделі жөндеу жүргізу жоспары қомақты. Оның басым бөлігі, яғни 26,8 шақырымы Аягөз жол дистанциясына тиесілі болса, қалғаны Семей дистанциясының еншісінде екен. Қазіргі таңда бөлімше бойынша маусымдық жұмыстарға бірінші кезекте баса көңіл бөлінген.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Аягөз жол дистанциясында биылғы жылы межеге алынған жұмыстар қазір қызып тұр. Бұл орайда теміржолшылар ағымдағы жылға жоспарланған шараларды қарқынмен бастады. Басты міндет – жол сауықтыру, желі бойындағы бірқатар телімдерге күрделі жөндеу жүргізу. Қазіргі қолайлы ауа райы мен тыңғылықты даярлық, жол машиналары мен материалдардың уақытында жеткізілуі – құжат жүзіндегі есептелген сандардың нақты іспен көрініс табуына негіз болып тұр.

Айта кетерлігі, Аягөздегі ПЧ-42 мекемесі үшін соңғы жылдардағы бір ерекшелік, Аягөз-Жарма телімі аралығындағы бірқатар қумажолдар бойынша күрделі жөндеу жүргізу болатын. Жаз басталысымен аталмыш участок бойына арнайы мамандар жіберіліп, жұмыс жасалатын аумақтар анықталып, белгіленген болатын. Осылайша, өзекті мәселеге тереңірек зерттеу жүргізіп, материалдық тұрғыдан қам жасалған соң ғана, жолшылар қауымы ауқымды шараға білек сыбана кіріскен. Бұл орайда қазіргі таңда Қарақойтас-16 жол айрығы және Үшбиік станциясы аралығында қауырт жұмыс жүргізіліп жатыр. Жалпы көлемі 26,8 шақырымдық желі бойын темір-бетонды шпалдарға ауыстыру ісі көзделген мерзім ішінде белгіленген кестеден кешіктірілместен толық күрделі жөндеуден өткізілуде.

Айта кетерлігі, бұл жолдың барлығы жаңа теміржол бунақтарын төсеу арқылы жаңадан түйіспесіз жолдарға ауыстырылуда. Оның нәтижесінде жолдың балдық сапасы да жақсарып, телімдік жылдамдық жоғарыламақ.

Қазіргі күні Аягөздегі ПЧ-42 мекемесіне жаңадан шпалдар жеткізілуде. Ағымдық жөндеу жұмыстары барлық станциялар бойынша іркіліссіз жүргізіліп жатыр.

– Жол машиналарынан тапшылық жоқ. Бірқатар кешенді жол жөндеуші техникалар жұмылдырылуда. Жолшылар бригадаларынан тұратын қол күші де жеткілікті. Ауа райының мейлінше қолайлылығы әрі қажетті материалдар уақытында жеткізілгендіктен кешеуілдеу орын алған жоқ, – дейді бұл орайда Семей магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімінің бастығы Қайыргелді Ахметжанов.

Қазіргі күндері Аягөздегі ПЧ-42 мекемесіне Ақтоғай-Аягөз-Жарма аралығындағы 225 шақырымдық бас жол кіреді. Аталмыш

телім бойындағы жұмыстың өзіндік ауыртпашылығы бар. Атап айтсақ, 225 бас жолдың тек жүз шақырымнан біраз астамы ғана темірбетонды түйіспесіз жол. Қалған бөлігінде әлі күнге дейін ағаш шпалдар қолданылады. Сол себептен де жол күтімі аса жоғары деңгейде болуы керек. Осыны міндет тұтқан аягөздік жолшылар байырғы Түрксіб жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапасын жақсарту мақсатында бұрынғы жылдармен салыстырғанда қарқынды жұмысқа көшкен.

Биылғы жылы жоспарлы шаралардың көлемді болуы соған дәлел болса керек-ті. Осы орайда ПЧ-42 мекемесі бойынша 27208 текше метр қиыршық тасқа өтінім берілген болатын. Бұған қоса қазіргі күнге дейін 25116 темірбетонды шпал жеткізілді. Нәтижесінде телім бойында қарбалас та арта түскен. Бүгінге дейін аягөздік жолшылар 26 толаскез өткізіпті. Бұл бөлімше бойынша ең жоғары көрсеткіш болып отыр.

– Жалпы, Аягөз жол дистанциясында 70 шақырымдық станциялық жолдар мен 219 бағыттамалы бұрмаларды да толық темірбетонға ауыстыру ісі кезең-кезеңмен жүргізілуде. Осыған дейін Ақтоғай-Аягөз телімі бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, ендігі аралықта Аягөз бен Жарма аралығын барлық талапқа сай етудеміз, – дейді аягөздік жолшылар.

Суретті түсірген автор

БҮГІНГІ АРЫС

ҚАУІПСІЗДІК

Тоғыз жолдың торабындағы Арыс станциясының теміржолшылары коронавирус індетінің таралу қаупінің алдын алып, карантин шектеулерін қатаң ұстанып еңбек етуде. Әрине, станцияда қауіпсіздік пен еңбек ережесі басты орында.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Арыс

Станцияның бас инженері Мейірбек Мырзахметовтің айтуынша, өткен жылы барлық көрсеткіштер орындалған. Ал жыл басынан бері бес ай бойынша да көрсеткіштер көңілден шығады. Жоспардағы 6 100 вагон айналымы 6 124 вагонға орындалған. Дөңестен сұрпталып тарқатылған вагондар саны да жоспар бойынша – 2840, орындалғаны – 2923, яғни 102,9 пайызды құраған. Пойыздарды кабылдау – 63, орындалғаны – 64, 101,6 пайыз, пойыздарды жөнелту жоспарда – 63, орындалғаны – 65, 103,2 пайызды құрады.

«Арыс – ірі станция. Мұнда жолаушылар мен жүк пойыздары күндіз-түні ағылып жатады, тәуліктің кез келген сағаты мен минуты қайнаған қызу еңбек. Станцияда құрамдарды іріктеп, вагондарды ағытып, сұрыптау үлкен жұмыс пен күшті талап етеді. Бұл – қаншама теміржолшылардың күні-түнгі қажырлы еңбегі», – дейді бас инженер М.Мырзахметов.

Арыс станциясын ұзақ жылдардан бері тәжірибелі теміржолшы Бөгенбай Тоқсейітов басқарып келеді. Станция бастығының орынбасары Эдуард Дербисов, Құрманғазы Нарымбетов сынды азаматтар – көп жылдар осы жұмысы аса қауырт станцияның «отымен кіріп, күлімен шығып» жүрген нағыз майталмандар. Бұл үштік күн сайын түнгі ауысымда кезекпен тексеріске шығады. Жұмыс алаңын аралап, қауіпсіздік талаптарының сақталуын көзбен көріп, аяқ асты туындаған түрлі ситуациялық жағдайларды реттеп, таңға дейін жүретін кездері көп.

Міне, бүгін де түнгі кезекшілікке шыққан Бөгенбай Тоқсейітов диспетчердің жанында отырып, дөңес кезекшісі, вагон жылдамдығын реттеуші, пойыз құрастырушы, парк кезекшісі, тасымал құжаттарын өңдеуші оператор, пойыз қабылдаушы, т.б. қозғалыс процесіне қатысып жатқандардың жұмысын бақылап отырғанына бір сағаттан асты. Жұмыс қалыпты ырғағымен жалғасып жатыр, пойыздар ақаусыз қабылданып, дөңестен тарқатылуда және қайта өңделіп, станциядан өз бағыттарына жөнелтілуде.

313 теміржолшы еңбек ететін станцияда өз ісінің майталмандары аз емес. Олардың қатарында бірнеше он жылдарын осы станцияға арнаған тәжірибелі теміржолшылар – станция диспетчері Үсен Оразымбетов, станция кезекшілері – Талғат Қалымбетов, Айдархан Құлымбетов, Талғат Садықов, Мұрат Анықбаев, дөңес кезекшілері Еркін Бекмұрзаев, Сәкен Сейсенбаев, дөңес операторлары Д.Алтаев, К.Умирбаев, З.Жартыбаева, пойыз құрастырушылар – Төрехан Тоқсейітов, Бауыржан Есенов, Есбол Омарханов, вагон жылдамдығын реттеушілер – Ержан Байырбеков, Марат Бекмұрзаев, Нұрлан Тұрымбетов, пойыз қабылдаушы – Талғат Төреханов, пойыз құрастырушының көмекшілері – С.Базарбаев, Е.Абдихан, тасымалдау құжаттарын өңдеуші операторлар – Гүлнар Құдайқұлова, Ақмарал Бапаева, Нұржамал Лашынбекова, Светлана Рыбалкина, Нұрсұлу Базарбаева секілді мамандар бар.

Суретті түсірген автор

№45 (2653) 18/06/2021

ЗАДАЧА, НЕ ТЕРЯЮЩАЯ АКТУАЛЬНОСТИ

БЕЗОПАСНОСТЬ

В ходе проведения контрольной проверки качества прошедшего весеннего комиссионного осмотра в Алматинском регионе выявлено 484 замечания. По отделению грузовых перевозок – 185, по магистральной сети – 299, принято 8 запретных мер по хозяйству пути.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Комиссия посмотрела качество ремонта подвижного состава и технических средств, соблюдение технологии производства работ, эксплуатацию железнодорожных переездов, а также содержание верхнего строения пути, земляного полотна, искусственных сооружений, мостов. Заострила внимание на техническом обучении работников, проведении инструктажей по вопросам безопасности движения, проверила нормативы личного участия руководителей.

В хозяйстве движения по-прежнему недостаточное внимание уделяется вопросу порядка закрепления вагонов тормозными башмаками на станциях. Руководителями не на должном уровне доводится до работников информация о нарушениях безопасности движения, некачественно проводятся внезапные проверки, ведется нормативно-техническая документация.

– Безопасность движения – задача, не теряющая актуальности, и без анализа прошлых ошибок мы не сумеем избежать их в будущем. Более того, проблемы могут возникать неожиданно, это нужно помнить. Без корректирующих и предупредительных действий невозможно переломить ситуацию, – считает главный ревизор Алматинского региона Мейрамбек Серикбаев.

Крайне неблагополучной остается ситуация с применением экстренных торможений из-за выхода на пути безнадзорного скота и посторонних людей. Особую тревогу вызывают случаи наездов пассажирскими поездами на участках Отар – Алматы, Жетыген – Алтынколь, где создается угроза безопасности движения.

В локомотивном хозяйстве не установлен контроль над предоставлением выходных локомотивным бригадам. В вагонном хозяйстве не укомплектован штат осмотрщиков-ремонтников, вместо 35 фактически работают 26 человек. На станции Бесколь длительное время не решается вопрос по проведению среднего ремонта колесных пар пассажирских вагонов, имеющихся в запасе на ПТО.

В ходе плановой проверки станций Алматы-2, Казыбек бек, Чильбастау, Отар в хозяйстве сигнализации и связи выявлены нарушения, которые допущены в результате неисполнения должностных обязанностей работниками дистанции ШЧ Алматы. Из-за невыполнения графика технического обслуживания устройств СЦБ, связи и радиосвязи допущены отклонения от норм в их содержании, которые могут привести к отказу в работе технических средств.

Указанные нарушения являются последствием отсутствия контроля со стороны руководителей дистанций, начальников среднего звена и диспетчерского аппарата.

Фото автора

Рационализаторство

ЭФФЕКТИВНО, ЭКОНОМИЧНО, НАДЕЖНО

В Костанайском регионе продолжают внедрять рационализаторские предложения, оптимизирующие и улучшающие производительность труда железнодорожников. Очередное ноу-хау разработал и внедрил на станции Кушмурун вагонный мастер ПТО Данияр Жансугуров.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

